



BAITURSYNULY  
UNIVERSITY

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ  
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ Өңірлік  
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



# ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

КӨПСАЛАЛЫ  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ  
МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ  
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№ 2  
2024

ISSN 2310-3353



**PUBLISHINGS**  
**K S P I**



**Қ М П И**  
**ЖАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК**  
**К Г П И**

2024 ж., сәуір, №2 (74)  
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады  
Жылына төрт рет шығады

**Құрылтайшы:** *Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті*

**Бас редактор:** *Қуанышбаев С. Б.*, география ғылымдарының докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

**Бас редактордың орынбасары:** *Жарлыгасов Ж.Б.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

#### **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

*Әлімбаев А.Е.*, философия докторы (PhD), А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Қазақстан.

*Емин Атасой*, PhD докторы, Улудаг университеті, Бурса қ., Түркия.

*Зоя Микниене*, докторы, (PhD) Литва денсаулық туралы ғылым университеті, Каунас қ., Литва Республикасы.

*Качев Д.А.*, философия ғылымдарының кандидаты, тарих магистрі, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

*Ксембаева С.К.*, педагогика ғылымдарының кандидаты, «Торайғыров университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

*Лина Анастасова*, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Бургас еркін университеті, Бургас қ., Болгария.

*Медетов Н.А.*, физика-математика ғылымдарының докторы, «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

*Мишулина О.В.*, экономика ғылымдарының докторы, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

*Соловьев С.А.*, биология ғылымдарының докторы, Новосібір мемлекеттік экономика және басқару университеті, Ресей.

*Скороходов Д.М.*, техника ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.

*Сычева И.Н.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.

*Ташев А.Н.*, экология бойынша биология ғылымдарының кандидаты, орман шаруашылығы университеті, София қ., Болгария.

*Уразбоев Г.У.*, физика-математика ғылымдарының докторы, Ургенч мемлекеттік университеті, Өзбекстан.

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж  
Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.  
Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 07.11.2023 ж.  
Жазылу бойынша индексі 74081

**Редакцияның мекен-жайы:**  
110000, Қостанай қ., Байтұрсынұлы к., 47  
(Редакциялық-баспа бөлімі)  
Тел.: 8(7142) 51-11-76

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университеті

№2 (74), апрель 2024 г.  
Издается с января 2005 года  
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы*

**Главный редактор:** *Куанышбаев С.Б.*, доктор географических наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

**Заместитель главного редактора:** *Жарлыгасов Ж.Б.*, кандидат сельскохозяйственных наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

#### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

*Алимбаев А.Е.*, доктор философии (PhD), Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Казахстан.

*Емин Атасой*, доктор PhD, Университет Улудаг, г. Бурса, Турция.

*Зоя Микниене*, доктор (PhD), Литовский университет наук здоровья, г. Каунас, Республика Литва.

*Качеев Д.А.*, кандидат философских наук, магистр истории, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

*Ксембаева С.К.*, кандидат педагогических наук, НАО «Торайгыров университет», Казахстан.

*Лина Анастасова*, доктор социологии, Бургасский свободный университет, г. Бургас, Болгария.

*Медетов Н.А.*, доктор физико-математических наук, НАО «Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова», Казахстан.

*Мишулина О.В.*, доктор экономических наук, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

*Соловьев С.А.*, доктор биологических наук, Новосибирский государственный университет экономики и управления, Россия.

*Скорыходов Д.М.*, кандидат технических наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

*Сычева И.Н.*, кандидат сельскохозяйственных наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

*Ташев А.Н.*, кандидат биологических наук по экологии, Лесотехнический университет, г. София, Болгария.

*Уразбоев Г.У.*, доктор физико-математических наук, Ургенчский государственный университет, Узбекистан.

Свидетельство о регистрации № 5452-Ж  
выдано Министерством информации Республики Казахстан 17.09.2004 г.  
Переучёт периодического печатного издания 07.11.2023 г.  
Подписной индекс 74081

#### Адрес редакции:

110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынұлы, 47  
(Редакционно-издательский отдел)  
Тел.: 8(7142) 51-11-76

Учитывая, что в контексте юмористических рассказов встречаются и родовые имена, в первую очередь, шутливые, юмористические рассказы (анекдоты), связанные со спецификой, реальностью каждой эпохи, каждого периода, связаны с историей нашего народа, политико-духовной, быта и даже с культурой формирования поведения в современном обществе.

Обобщение важности комплексного изучения художественного мира ономастических названий в юмористических рассказах народной устной литературы и предполагает, что большое значение «имиджа», «стереотипа» или «поведенческого прагматизма» в контексте казахской ономастики.

**Ключевые слова:** казахская ономастика, юмористические рассказы, термин анекдот, имидж поведения, казахские родовые имена (этнонимы).

**KOZHANULY, M.**

#### **A FEW WORDS ABOUT ETHNONYMS IN KAZAKH HUMOROUS STORIES**

*The article examines one of the branches of folk oral literature – humorous stories based on the views of domestic scientists, within the framework of Kazakh onomastics.*

*The author focuses on jokes and humorous words associated with some genera, "the speakers said" in the humorous stories of Kazakhs, and also examines their subtleties in the onomastic realm.*

*Considering that in the context of humorous stories, generic names are also found, first of all, jocular, humorous stories related to the specifics, reality of each epoch, each period, are associated with the history of our people, political and spiritual, everyday life and even with the culture of behavior formation in modern society.*

*The comprehensive exploration of onomastic names within humorous folk oral tales highlights the substantial role of "image," "stereotype," or "behavioral pragmatism" within the realm of Kazakh onomastics.*

**Key words:** kazakh onomastics, humorous stories, term "humorous anecdote", image of behavior, kazakh generic names (ethnonyms).

ӘОЖ 82.0(574)

**Серікбай Оспанұлы,**

*Бібырай Алтынсариннің Қостанай облыстық мемориалдық мұражайының ғылыми қызметкері, профессор*

**Күлзада Мырзағалиева,**

*филология ғылымдарының кандидаты,*

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы*

*Қостанай өңірлік университетінің*

*қауымдастырылған профессоры*

### **СЕРІК МАҚПЫРҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРГЕ, ОҚЫТУШЫЛАРҒА, СТУДЕНТТЕРГЕ ТАНЫМДЫҚ- ТАҒЫЛМДЫҚ ӘСЕРІ**

#### **Түйін**

*Мақалада, аты айтып тұрғандай, ұзақ жылдар бойы жоғары оқу орнында сабақ берген, білімді де білікті, тәжірибесі де мол ұстаз-ғалым Серік Мақырұлы еңбектерінің мұғалімдерге, оқытушыларға, студенттерге танымдық-тағылымдық әсері нақты мысалдар келтіріле отырып жеткізіледі.*

**Кілт сөздер:** *Өлең, Юля Жадовская, автор, шығарма, тақырып, туынды, жинақ.*

#### **1 Кіріспе**

Серік Мақырұлының күнделікті басылымдарда жарық көрген мақалаларын оқып, көңіліміз бір көтеріліп қалатын. Өйткені ол көкейімізде жүрген ойларымызды дәл тауып, құнарлы тілімен жеріне жеткізе айтатын. Екеуіміз де тіл маманы болғандықтан, әсіресе, ана тілі төңірегіндегі ой-толғамдары ұнайтын.

М.Дулатовтың «Кім сендерді, балалар, сүйетұғын» деп басталатын «Шешенің балаларын сүйі» аталатын өлеңі Ыбырайға телініп, оның жинақтарына [1, 19 б.], оқулықтарға [2, 61 б.] енгізіліп жүрді. «Ана тілі» газетінің 2006 жылғы 27 наурызда жарық көрген номерінде «Білім академиясының назарына» деген айдар-арнаумен «Өлең Ыбырайдікі ме, Міржақыптікі ме?» деген мақала жарық көрді. Онда Ақмола облысының Астрахан ауданындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Б.Ахметова 1991 жылы «Жалын» баспасынан Серік Мақыпұлының құрастыруымен шыққан Ы.Алтынсариннің «Өнер- білім бар жұрттар» жинағындағы «Ананың сүйі» өлеңі С.Мақыпұлы, Г.Құрманбай, А.Қыраубаева құрастырған 2004 жылы жарық көрген 8 сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығында М.Дулатұлының «Шешенің балаларын сүйі» деген тақырыппен берілуі қалай?» – деп сұрақ қояды. Сөйтіп екі өлеңді де қатар жазып, айырмашылығының аз екеніне көңіл аударып: «Ең бастысы автор Ы.Алтынсарин бе, әлде М.Дулатұлы ма? Бұл сауалымызға екі кітапты да құрастыруға қатысқан С.Мақыпұлы жауап берсе екен», - дейді.

## **2 Материалдар мен әдістер**

Мақаланы жазу барысында теориялық әдіс қолданылды. С.Мақыпұлының ғылыми еңбектері жинақталып талданды, жазу барысында бірізділік сақталды.

## **3-4 Нәтижелер мен талқылау**

Сол жылы 27 сәуірде Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері С.Мақыпұлының «Өлеңді Ыбырайдікі болғызған мен емес» деген жауабы жарияланды. Онда автор Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының ғылыми кітапханасына әдейі барып Міржақыптың 1914 жылы жарық көрген «Азамат» атты жинағын көргенін, кітаптың 13-14 беттерінде аталған өлең бар екенін айтып, бұл өлең М.Дулатовтікі екенін түсіндіреді.

Ыбырайдың 1991 жылғы «Өнер, білім бар жұрттар» жинағынан М.Дулатұлының өлеңін алып тастай алмауының себебін құрастырушы былайша түсіндіреді: «Ы.Алтынсарин шығармаларының қолжазбасын баспаға 1989 жылы тапсырдым, оның шығу-шықпау мәселесі бірден шешілмей, қолжазба бірер жыл кідіріп қалды. 1991 жылы 150 жылдығы аталып өтетін болды да, баспа осыған орай даяр тұрған қолжазбаны сол жылы жазда кітап етіп шығарды. Менің құрастырушы ретінде Ыбырай жинағынан аталған өлеңді алып тастауға мүмкіндігім болмады. Міржақып тағдыры шешілмеген кез болатын (1989). 1991 жылы жинағы шыққан соң ғана ақталды ғой».

Шындығында бұл Міржақыптың туындысы. Оған тағы да бір дәлел – жоғарыда сөз болып отырған өлең 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясында» да, одан кейінгі 2003 жылғы басылымында да, 1935 жылы шыққан (құрастырып, алғы сөзін жазған Б.Сүлейменов) жинағында да, 1955 жылы С.Сейфуллин құрастырған таңдамалы шығармаларында да жоқ.

Шығарма кітапқа енген соң оны көпшілік оқиды. Сөйтіп бір қателік ондаған қателіктерге ұрындырады. Мәселен, Ы.Алтынсариннің 167 жылдығына арналған «Ыбырай Алтынсарин және білімнің қазіргі мәселелері» атты Республикалық ғылыми-әдіснамалық семинар материалдарының жинағында М.Дулатовтың біз сөз етіп отырған жоғарыдағы өлеңі Ы.Алтынсарин шығармасы ретінде талданады:

«Кім сендерді, балалар, тербететін,  
Еркелетіп, ойнатып, сергітетін?  
Жалқау болсаң, балалар жаман болсаң,  
Қамқор анаң көз жасын көлдететін»,

– деген Ы.Алтынсариннің бұл өлең шумақтарынан отбасындағы ата-ана тәрбиесі мен баланы сүйіп, еркелететіндігін және ата-ана баланың алғашқы табиғи тәрбиешісі екенін, қазақ халқының балажандық қасиеті мен ерекше мейірімділігі бар екенін көреміз» [3, 44 б.].

Маңғыстау облысының Қарақия ауданындағы №4 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нина Жапанованың «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» [4, 196.]

журналында жарық көрген. «М.Дулатұлы: «Шешенің балаларын сүюі» (Әдебиет, 8-сынып) әдістемелік мақаласында да көріп отырсыздар, тақырыбы айтып тұрғандай, М.Дулатұлының шығармасы ретінде қарастырылады.

Мұғалімдерде кінә жоқ, кінә шыққан кітаптарда болып тұр.

С.Мақырұлының жоғарыда айтқан түсіндірмесінен кейін оқытушылар мен мұғалімдер пікірі өзгере бастады. Дегенмен, газет-журнал, кітап оқымайтындардың әлі күнге дейін Ыбырайдың өлеңі деп айтып жүргендері баршылық.

Ұзақ жылдар Асанқайғыға телініп, тіпті соңғы жылдары жарық көрген жаңа оқулық кітаптарда да солай айтылып, талданып, таразыланып келген «Су түбінен асыл тас су толқыса шығады, ой түбінен асыл сөз ой толқыса шығады», - дейді халықтың даналық мақалы» деп те жазылып жүрген Ахаңның бір аудармасы жөнінде.

«Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихының» 2001 жылы шыққан бірінші томында [5; 172] «Таза мінсіз асыл тас (дұрысы – «Таза мінсіз меруерт» – С.О.) Асанқайғы туындысы ретінде қарастырылса, 2002 жылы жарық көрген осы оқулықтың екінші томында (28б.) Жадовскаядан аударылған өлеңнің «түпнұсқасына мейлінше жақын» екендігі айтылады. А. Байтұрсынұлының Жадовскаядан аударған жалғыз өлеңі «Таза мінсіз меруерт» екені белгілі жайт.

Мінсіз таза меруерт  
Су түбінде жатады.  
Мінсіз таза асыл сөз  
Ой түбінде жатады.  
Су түбінде жатқан зат  
Жел толқытса шығады.

Ой түбінде жатқан сөз  
Шер толқытса шығады.

Керемет емес пе?! «Ой түбінде жатқан сөздің шер толқытса», немесе, әлде неге шаттанып, көңіл көтерілген кезде, шабыттанып, шамырқанған, шалқыған шақтарда тасып аққан тау суындай құйылатыны шындық.

Тағы да бір таңқаларлық жайт – Ахаңның Жадовскаядан орыс тілінен аударған осы өлеңін В. Рождественский Асанқайғының өлеңі деп қайтадан орыс тіліне аударыпты:

Чистейший и бесценный жемчуг  
На дне морском в тиши лежит.  
Чистейшие, цены безмерной слово  
В глубине души лежит.

Тот жемчуг, что на дне морском лежит,  
Порой выносит бурная волна.  
Чистейшие, безмерной мысли слово  
Выносит горе с глубины со дна  
[6; 64]

Ахаң Жадовская өлеңін жайдан жай таңдамаған. Мәселе өлеңнің философиялық әнінде, ойлылығында жатыр. Қазақ ауыз әдебиеті жыр нұсқаларымен, тіпті сонау Х ғасырда Жетісу өңірінде ғұмыр кешкен данышпан ақын Жүсіп Баласағұнның:

Кісі көңілі түпсіз теңіз, ойласаң,  
Білім – інжу түбінде, анық, қойма сан.

Кісі інжуді шығармаса теңізден,  
Тас не, інжу не пайдасы не тегінде?

Қара жердің қатында алтын тас болар,  
Егер шықса, бек басында тәж болар

Білімді ілімін шығармаса тілімен,



Жылдап жатсын жарық шықпас білімнен [7; 69].

деген жолдарымен үндеседі. Ғұлама ақын соны аңғарғандай.

Ой түбіне үңілген ойлы өлең! Ой болғанда қандай, мәнді, мағыналы, кез-келген ақынның аузына түсе бермейтін бұрын айтылмаған тың да көркем толғаныс.

Өлең онша ұйқасып та тұрған жоқ. Ұйқассыздықты «алыстан сермеп, жүректі тербеп, тағына жетіп қайырған» (Абай) терең тебіреніс, салмақты ой, өлең құйылымы байқатпай, екі шумақ та әсерлі, бірін-бірі үстей толықтырып, айшықты да бейнелі, қуатты жұп-жұмыр дүние болып шыққан.

Автор соны сатылап, бір ойды бір ойға жетелетіп, дамыта кезекті қайталау мен айшықтаудың ұтымды үлгісі мен егіздеудің (параллелизм) психологоиялық, синтаксистік түрлерін шебер қолдана отырып өлеңнің соңғы тармағында жеткізуі оқушысын «ох» дегізіп, қол соқтырады. Қазақыланғаны соншалық, жыршы-жыраулардың жыр-жауһарларынан айыру қиын. Өлең тармақтары шығарма тақырыптарына сұранып тұр. Сөздің асылы мен жасығын дөп тани білетін белгілі мемлекет қайраткері, Халық жазушысы Ә. Кекілбайұлы «Азаттықтың ақ таңы» [8; 12] аталатын кітабындағы «Айналаң – аялы алтын бесігің» деген мақаласына «Ой түбінде жатқан сөз» деп осы Ахаң өлеңінің бір тармағын тақырыпша етіп қоюы тегіннен-тегін болмаса керек.

Жадовская кім?

Жадовская Юлия Валериановна 1824 жылы туып, 1883 жылы қайтыс болған. Анадан жастай жетім қалып, апасы – А.И. Карнилованың қолында тәрбиеленеді. Әдебиетті жанындай сүйіп өскен ол Костромадағы Прибытков пансионна оқуға түсісімен оқытушылардың назарын бірден өзіне аударады. П.М. Перевлесский деген мұғалім екеуі бір-бірін ұнатып, қосылғылары келеді. Алайда қыз әкесі бұған қарсы болып, екеуін екі айырып жібереді. Бірақ Юлия өмір бойы алғашқы махаббатын ұмытпай, еске алумен өтеді.

Әкесі қызының талантын аша түсу үшін Москваға, Петербургке алып барады. Юлия Валериановна Москвада М.П. Погодинмен, Петербургте Хомяковпен, Загоскинмен, Иван Аксаковпен, князь Вяземскиймен, Губермен, Дружининмен, Тургеневпен танысады.

1846 жылы өлеңдері жарыққа шығады. Ол өз өмірін – өкінішті махаббат, қатал тағдыр, алдамшы үміт жайында жыр етеді.

1847 жылы «Простой случай», 1857 жылы «В стороне от большого света» (роман) атты прозалық жинақтары жарық көреді. 1861 жылы «Время» журналында «Женская история» оқушылар мен сыншылар көңілінен шыға қоймайды да, осыған, әрі әкесінің шектен шыққан көмегіне қатты ренжіген ол К.М. Севен деген қарт дәрігерге тұрмысқа шығып кетеді.

Жадовскаяның алғашқы өлеңдер жинағын Белинский онша ұната қоймаған. Добролюбов екінші жинағын ақын сөзінің жүректен шыққан шынайылығын, қарапайымдылығын айтып, бағалаған.

1885-1886 жылдары Ю.В. Жадовскаяның 4 томдық толық шығармалар жинағын П.В. Жадовский П. Быковтың алғысөзімен Санкт-Петербургте бастырып шығарады.

1998 жылы, 31 шілдеде «Қазақ әдебиеті» газетінде Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, әдебиетші ғалым Серік Макпырұлының «Таза мінсіз асыл тасты» енді шатыстырмайық» деген мақаласы жарық көрді. Онда Жадовскаяның кім екенін айта отырып, ғалым ақынның 1958 жылы Ярославль кітап баспасынан шыққан «Избранные стихотворения» деген кітабындағы (бірінші бетінде екен – С.О.) тақырыпсыз үш шумақ өлең мен Ахаң өлеңін салыстырып, қатар береді.

Жадовскаяның өлеңі:

Лучший перл таится  
В глубине морской.  
Зреет мысль святая  
В глубине души.

Надо сильной буре  
Море взволновать.  
Чтоб оно, в бореньи  
Выбросило перл.  
Надо сильно чувству  
Душу потрясти.  
Чтобы она в восторге  
Выразила мысль.

«Алдымен түпнұсқаның алғашқы тармағындағы «перл» сөзіне назар аударайық, – деп жазады ғалым. – Ленинградтан 1977 жылы шыққан «Словарь синонимов. Справочное учебное пособие» атты кітапта бұл сөзге «Жемчужина (отдельное зерно жемчуга), перл – устар. и. trad. – поэтическое слово» деп түсінік беріліп, мысал ретінде Куприннің мына сөйлемі алынған екен. «Водолаз достанет с морского дна перл, достойный царской короны» (139 бетінде). Демек, Ахаңның «перлды» меруерт деп атауы өте орынды».

Осы мақаладан кейін болашақ мұғалімдер – филология факультеті студенттеріне дәріс оқығанда Ахмет Байтұрсынұлының аудармасы екенін Серік Мақпырұлының мақаласына сүйене отырып, дәлелдей жеткізетін болдық. Танымдық мақаланы басқалар да біле түссін деп, автормен хабарласып, келісімін алып А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Жас өркен» Қостанай журналына бастырдық. Оны оқып танысқан шәкіртіміз, университетіміздің жас оқытушысы, журналист, ақын Нұрболат Мешітбаев «Өлеңін ұлы Ахаң аударған Жадовская кім еді?» деген мақала жазды. Ол 2006 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 10 наурыздағы нөмірінде жарық көрді.

Әдебиеттанушы ғалым, педагог С. Мақпырұлының 1991 жылы «Әдебиеттануға кіріспе», «Хрестоматия» (жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы), 1993 жылы «Қазақ әдебиеті» сегізінші сыныпқа арналған оқулық хрестоматия, 1996 жылы «Қазақ әдебиетінен шығарма жұмысы», 1995-1996 жылдары «Қазақ әдебиеті»(I-II бөлімдер), 2002 жылы VIII сынып оқулығына әдістемелік талдау, 1999 жылы «Қазақ әдебиеті» (Лицей, колледждерге арналған хрестоматия), 2002 жылы «Қазақ әдебиеті» (орыс, ұйғыр, өзбек мектептеріне) оқулықтары шықты. Сондай-ақ 2004 жылы жарық көрген туған әдебиетіміздің тарихына, бүгінгі әдеби процеске, әдебиеттің теориялық мәселелеріне арналған әдеби-сын зерттеу мақалалары, С. Мұқановтың басты туындысы Ботагөз романы шығармашылық тарихы, М.Өтемісұлы тұлғасының төл поэзиямызда бейнелену ерекшеліктері байыпталатын зерттеу, сондай-ақ әдебиетті оқыту мәселесіне арналған әдістемелік мақалалары мен талдаулары топтастырылған «Қазына», әдебиет пен көркем өнердің қоғамдық қызметі, өнер түрлері, ерекшеліктері, әдебиет туралы ғылым салалары және олардың міндеттері, типтілік, типтендіру, көркем туындыдағы адам тұлғасын сомдау, даралау амалдары, көркем туынды тілі және әдеби бағыт, ағым, мектептер мәселесі, сол сияқты әдебиеттің тектері мен түрлері, мазмұны мен пішін бірлігі, дәстүр мен жаңашылдық жалғастығы сияқты әдебиет теориясының күрделі де маңызды мәселелері қозғалатын «Адамтану өнері» т. б. кітаптарының филология факультеттерінің студенттеріне, сонымен бірге жас оқытушыларға да танымдық пайдасы зор.

Қазақ әдебиеттануында афоризмге ана тілінде «Ділімәр сөз» деген атау берген Ахмет Байтұрсынұлы: «Бұрынғы даналардан, билерден, шешендерден қалған сөздер ділімәр сөз (европаша афоризм) деп аталады.», - деп оған бірнеше мысал келтіріп, соңында «Ділімәр сөз иесінен айрылса, иә тақпаққа, иә мақал-мәтелге айналып кетеді.», - дейді.

Тақпаққа берген анықтамасында да А. Байтұрсынұлы тақпақтың да қысқара-қысқара маңызы қалып, мақал болатынын айтады.

Шешендік сөздер, ұшқыр ойлы, қысқа да нұсқа қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, нақылдар, тақпақтар, термелер бір-бірімен туыс, тамырлас. Соның ішінде мақал-мәтел мен тақпақ, ділімәр сөз үшем сияқты бір туған, етене жақын.



А. Байтұрсынұлының 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» еңбегі жайында зерттеу еңбектер жазған С. Мақпырұлының да ділмәр сөздері көңілге қонымды. «Нардың күші – белінде, Елдің күші – Ерінде, Ердің күші – елінде», - дейді. Әр жолы мақал- мәтелге сұранып тұр. Осы сияқты «Озып кетсең – көз тиеді, қалып қойсаң – сөз тиеді», «Су болса – күріш болады, Күріш болса – елдің жәйі дұрыс болады», «Алматының қақ ортасында жат тілде жазылған жарнама тақта тұр. Бұл не, басынғандық па, әлде басұрғандық па?», - деген көңілінен шыққан көрікті ойларының жолдары бір-бірімен ұйқасып, сәтті шыққан. Бұл жолдар Серік Мақпырұлының ғалымдығымен бірге ақындығын да аңғартады (2001 жылы «Көңіл шуағы», 2009 жылы «Көңіл сазы», «Көңілімнің көкжиегі» өлеңдер жинағы жарық көрген). Енді бір сөзінде «Тауды қанша мақтағаныңмен – ол биіктемейді, Қанша даттағаныңмен – аласармайды да. Тауға тек тау деп қана қарау керек», - дейді. Айтары көп, маңызды астарлы сөз [9].

### 5 Қорытынды

Филология ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі Бауыржан Омаров «Ақ жаңбыр» деп аталатын эссесінде шәкірттерінің Серік ұстаздарының адамгершілік қалпы, ұстаздық әдебі жайында айтқан пікірлерін келтіріп «Барлық оқу орындарының беделді ұстаздары жеткілікті, - дейді. - Бірақ студенттерінің дәл осылай ағынан жарылған пікірін бүкіл өмірінде естімей кеткен оқытушылар да баршылық. Ал енді мына қызықты қараңыз. «Адам баласы адал тірілікпен азық іздесе, әлем бұлай азбас еді», «Түбінде ұят, иман, ар деген сөз тек сөздікте ғана қала ма деп қорқамын», «Бүгінде адалдық деген сөз де, ұғым да архаизмге айналып бара жатқандай» ...Мұның бәрі – студенттің ұстаз аузынан жазып алған сөздері» [10].

Серік Мақпырұлының «Ана тілі» газетінің 2005 жылғы 21 шілдедегі нөмірінде жарияланған тіл тағдыры, тіл мәдениетіне қатысты М. Кенжебайдың, Л. Дүйсенбекованың ашына, шын жанашырлықпен айтқан ойларына қосыла отырып, ақпарат құралдары (радио, теледидар, газеттер) журналистерінің тіліне қатысты айтқан ой-пікірлері де ойландырып, толғандыратын біздің де тіліміздің ұшында жүрген маңызды дүние. Бұл мақаласында автор теле-радио хабарларында жаңсақ айтылып жүрген «Туылған күн» деген сөз тіркесінің «Туған күн» екені, «Қайырлы түн» дегеннен гөрі «Қайырлы кеш» деу орынды болатыны айтылады. Сондай-ақ Жанахмет Жәнібекұлының «Хабар» теле-арнасында белгілі өнерпаздар Нақыпбековалар жайында «Ағайындылар шетелде қайта бірікті»(19.05.2003 жыл.) дегенін айтып, «Буыны босап тұрған «біріктіге» бұрылмай-ақ, «Ағайындыларға» аялдасақ». Әдетте бұл сөз бір отбасынан тараған ер азаматтарға (үш ағайынды, жеті немесе он ағайынды, т.б.) «қатысты айтылса, ал бір отбасында дүниеге келген қыз балалар апалы-сіңілілер деп аталатыны әлмисақтан белгілі емес пе?», - дейді. Осы сияқты тағы да бірнеше ойланбай бұрыс айтылған сөздерге тоқталып, тізе берсе мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болатынын, өйткені ақпарат құралдарының қай-қайсысының тілінде де осы сияқты «түйткілдер» баршылық екенін баян етеді [11].

Автордың бұл айтқан пікірлері қолдарына қалам ұстағандардың, әсіресе журналистика факультеті студенттеріне дәріс оқығанда пайдалануға болатын таптырмас мысалдар.

### Әдебиеттер тізімі

1. Ы. Алтынсарин Таза бұлақ. – Алматы: «Жазушы», 1988.
2. Ана тілі (Хрестоматия) – Алматы: Ата мұра, 2009.
3. Асылбекова М. Ыбырай Алтынсарин шығармаларындағы жеке тұлға мәселесі. Ыбырай Алтынсарин қоғамдық қоры, «Мастер ПО» ЖШС, 2009.
4. Жапанова Н. Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл. № 4. (28), 2011.
5. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы I-кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2001.
6. Мысль №9, 1998.
7. Баласағұн Ж. Құттыбілік. – Алматы: «Жазушы», 1986.
8. Кекілбайұлы Ә. Азаттықтың ақ таңы. – Алматы: Қазақстан, 1998.
9. Ана тілі № 45. 9 қараша, 2006.
10. Омарұлы Б. Ақ жаңбыр // Ана тілі. № 23, 11-17 маусым, 2015.
11. Ана тілі. №31. 4 тамыз. 2005.

ОСПАНУЛЫ, С., МЫРЗАГАЛИЕВА, К.

**ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ СЕРИКА МАКПЫРУЛЫ НА УЧИТЕЛЕЙ, ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ И СТУДЕНТОВ**

*В статье, как следует из названия, Серик Макпырулы, образованный, квалифицированный и опытный педагог-ученый, много лет преподающий в высшем учебном заведении. Познавательное-воспитательное воздействие его работ на учителей, преподавателей и студентов представлено на конкретных примерах.*

**Ключевые слова:** Стихи, Юля Жадовская, автор, произведение, тема, сборник.

OSPANULY, S., MYRZAGALIYEVA, K.

**THE EDUCATIONAL IMPACT OF SERIK MAKPYRULA'S WORKS ON TEACHERS, LECTURERS AND STUDENTS**

*The article, as the title suggests, features Serik Makpyruly, an educated, qualified and experienced teacher-scientist who has been teaching at a higher educational institution for many years. The cognitive and educational impact of his works on teachers, lecturers and students is presented with specific examples.*

**Key words:** Poems, Yulia Zhadovskaya, author, work, theme, collection.

ӘӨЖ 81.132

**Шолпанбаева, Г.А.,**

*педагогика ғылымдарының магистрі,  
филология және практикалық лингвистика  
кафедрасының аға оқытушысы,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ*

**Адилова, Ж.Е.,**

*шетел филологиясының 3-курс студенті,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,  
Қостанай қ., Қазақстан*

**ЕСІМДЕРДІҢ ӨЗГЕ ТІЛДЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Түйін**

*Өзектілігі: Табу – ескі наным-сенім, яғни мифтік ұғым бойынша атын атауға тыйым салынған сөздер. Табу сөздер төмендегідей негізде былай қалыптасқан: табиғаттың дүлей күшіне байланысты тұрмыс-тіршілікке қолданған. Адам өміріне қауіп-қатер төндіретін жыртықш қауіпті сөздердің атын атауға тыйым салынған. Мысалы, «жай түсті» десе, адамға кесірі тиеді деген сеніммен «жай» сөзін «жасыл» сөзімен алмастырып аңдар мен жәндіктердің атын атамай басқа сөзбен ауыстырып қолданған. Мысалы, қасқырдың атын тура атаса, малға шабады деген қорқыныштан «қасқыр» сөзін «ит-құс», «ұлыма» деген сөздермен алмастырып қолданған. Адамды опат қылатын ауру аттарын да атауға тыйым салынған. Мысалы, шешек ауруының атын атамай, оны «қорасан» деген сөзбен ауыстырып айтқан. Қазақтың әдет-ғұрпы бойынша жаңа түскен келін қайын жұртындағы адамдардың атын тура атамай, олардың бойындағы, мінез-құлқындағы ерекшелігіне орай әрқайсысына ат қойған. Мысалы, қыздарға, әйел адамдарға Ақылдас, Ерке қыз, Еркем, Шырайлым, Айнамкөз, т.б. десе, ер балаларға, ер адамдарға Шырақ, Мырза жігіт, Төре бала, Би аға, т.б.[1; 110].*

**Кілт сөздер:** этнограф, фольклоршы, мифологиялық дүние, табу, эвфемизмдер, этнолингвистика.

**МАЗМҰНЫ****ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ**

<i>Арутюнян, А.В.</i> Александр Евлаховтың әңгімелерінің поэтикасы және чехов прозасының.....	3
<i>Бекбосынова, А.Х., Мешітбай, А.Қ.</i> Зейнолла Шүкіров шығармаларындағы табиғат көрінісі .....	7
<i>Қожанұлы, М.</i> Қазақтың күлдіргі әзіл-әңгімелеріндегі этнонимдер туралы бірер сөз .....	11
<i>Оспанұлы, С., Мырзағалиева, К.</i> Серік Макпырұлы еңбектерінің мұғалімдерге, оқытушыларға, студенттерге танымдық- тағылымдық әсері.....	18
<i>Шолпанбаева Г.А., Адилова, Ж.Е.</i> Есімдердің өзге тілдерде қолданылатын ерекшеліктері.....	24

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ**

<i>Ақантай, Н. Н., Тастанов, М.Г.</i> Физика олимпиадасының студенттерін даярлаудың жалпы принциптері.....	29
<i>Ахметханова, Д.О., Тастанов, М.Г.</i> Дирихле есебін шешудің математикалық әдістері.....	33
<i>Барсакбаева, М.Б.</i> Қостанай қаласының жанармай құю станцияларында мұнай өнімдерімен ластанған топырақ микрофлорасының биоремедиациялық әлеуетін бағалау ерекшеліктері.....	40
<i>Бейшов, Р.С., Жунисбеков, Н.Е.</i> Өсімдердің фитохимиялық құрамына қоршаған орта факторларының әсерін бағалау.....	47
<i>Бейшов, Р.С., Смаилова, А.И.</i> Өнеркәсіптік кәсіпорындардың табиғи ортаға экологиялық әсерін бағалау әдістері.....	50
<i>Конысбаева, Д.Т., Рұлёва, М.М., Баубекова, Г.К.</i> Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының құрметті профессоры, биология ғылымдарының докторы Т.М. Брагина-ның теориялық және қолданбалы биологиясындағы ғылыми мұра кезендері.....	55
<i>Майер, Ф.Ф.</i> Белгілі бір бағытта дөңеске жақын функциялардың бір класы туралы .....	60
<i>Майер, Ф.Ф.</i> Аналитикалық функциялардың кейбір кластарындағы логарифмдік туындыны бағалау.....	66
<i>Мефодьева Н.К.</i> Бастауыш мектепте математика сабағында жоба әдісін қолдану .....	72
<i>Хырхынбай, Ж., Мұқанбетсадықова, А. Қ.</i> ЖМБ сыныптарында математикамен пәнаралық интеграция кезінде ЖИ технологияларын қолдану .....	75

**ИНЖИНИРИНГ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ**

<i>Нурмагамбетов, Б.Б.</i> Білім беру процесінде виртуалды шындықты қолданудың теориялық талдау (ғарышты зерттеу мысалында).....	83
<i>Савина, Д.Е.</i> 3D модельдеуді зерттеу үшін цифрлық білім беру ресурстарын салыстырмалы талдау .....	89

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ**

<i>Бейшов, Р.С., Алитанова, М.К.</i> Шаруашылық жарамдылығын бағалау үшін дәнді және тұқым себу сапасын зерттеудің рөлі мен маңызы .....	97
<i>Каримова А.К.</i> Қостанай ауданының микросателитті ДНҚ-маркерлердің негізіндегі герефорд тұқымды ірі қара малдың генетикалық полиморфизмі.....	102
<i>Райымқұлова, М.Қ., Бектас, Ж.С.</i> Сірке қышқылы туындыларының ферменттерді тежеу белсенділігін зерттеу .....	108

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР**

*Коваль, А.П., Баяндин, М.А., Мишулина, О.В.* Әлеуметтік бағдарланған сақтандыру өнімдерін дамыту контекстіндегі ҚР сақтандыру нарығының трендтері ..... 117

*Меңлікқожаева, С.Қ., Аймұратова, Т.С.* Болашақ мамандарды педагогикалық іс-әрекеттегі қарым-қатынасқа баулу ..... 124

*Шамкенов, Р.Ж., Давлетбаева, Ж.Ж.* Ақмола облысының туристік индустриясындағы мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру ..... 132

**БІЗДІҢ АВТОРЛАР** ..... 140

**АВТОРЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА** ..... 147

## СОДЕРЖАНИЕ

**ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ И ИСКУССТВО**

<i>Арутюнян, А.В.</i> Поэтика рассказов Александра Евлахова и традиции чеховской прозы .....	3
<i>Бекбосынова, А.Х., Мешітбай, А.Қ.</i> Пейзаж в произведениях Зейноллы Шукурова.....	7
<i>Қожанұлы, М.</i> Несколько слов о этнонимах в казахских юмористических рассказах .....	11
<i>Оспанұлы, С., Мырзағалиева, К.</i> Воспитательное воздействие произведений Серика Макпырулы на учителей, преподавателей и студентов .....	18
<i>Шолпанбаева, Г.А., Адилова, Ж.Е.</i> Особенности употребления имен в других языках .....	24

**ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ**

<i>Ақантай, Н. Н., Тастанов, М.Г.</i> Общие принципы подготовки студентов физической олимпиады .....	29
<i>Ахметханова, Д.О., Тастанов, М.Г.</i> Математические методы решения задачи Дирихле.....	33
<i>Барсақбаева, М.Б.</i> Особенности оценки биоремедиационного потенциала микрофлоры почв, загрязненных нефтепродуктами, на заправочных станциях города Костаная .....	40
<i>Бейшов, Р.С., Жунисбеков, Н.Е.</i> Оценка влияния факторов окружающей среды на фитохимический состав растений .....	47
<i>Бейшов, Р.С., Смаилова, А.И.</i> Методы оценки экологического воздействия промышленных предприятий на природную среду .....	50
<i>Коньсбаева, Д.Т., Рұлєва, М.М., Баубекова, Г.К.</i> Вехи научного наследия в теоретической и прикладной биологии почетного профессора Костанайского государственного педагогического института доктора биологических наук Т.М. Брагиной .....	55
<i>Майер, Ф.Ф.</i> Об одном классе функций, близких к выпуклым в определенном направлении.....	60
<i>Майер, Ф.Ф.</i> Оценки логарифмической производной в некоторых классах аналитических функций .....	66
<i>Мефодьева, Н.К.</i> Использование метода проектов на уроке математики в начальной школе.....	72
<i>Хырхынбай, Ж., Мұқанбетсадықова, А. Қ.</i> Применение технологий ИИ при межпредметной интеграции с математикой в классах ЕМН.....	75

**ИНЖИНИРИНГ И ТЕХНОЛОГИИ**

<i>Нурмагамбетов, Б.Б.</i> Теоретический анализ использования виртуальной реальности в образовательном процессе (на примере изучения космоса).....	83
<i>Савина, Д.Е.</i> Сравнительный анализ цифровых образовательных ресурсов для изучения трехмерного моделирования.....	89

**СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ, ВЕТЕРИНАРНЫЕ НАУКИ**

<i>Бейшов, Р.С., Алитанова, М.К.</i> Роль и значение изучения зерна и посевных качеств семян для оценки хозяйственной пригодности.....	97
<i>Каримова, А.К.</i> Генетический полиморфизм герефордского скота на основе микросателлитных ДНК-маркеров.....	102
<i>Райымқұлова, М.Қ., Бектас, Ж.С.</i> Изучение ферментингибирующей активности производных уксусной кислоты .....	108

**СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ**

<i>Коваль, А.П., Баяндин, М.А., Мишулина, О.В.</i> Тренды страхового рынка РК в контексте развития социально-ориентированных страховых продуктов .....	117
--	-----

---

<i>Меңлікәжаева, С.Қ., Аймұратова, Т.С.</i> Привлечь будущих специалистов к взаимоотношениям в педагогической деятельности.....	124
<i>Шамкенов, Р.Ж., Давлетбаева, Ж.Ж.</i> Повышение эффективности взаимодействия государства и бизнеса в туристической индустрии Акмолинской области.....	132
<b>НАШИ АВТОРЫ</b> .....	143
<b>ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ</b> .....	150



## CONTENT

### **HUMANITIES AND ARTS**

<i>Arutyunyan, A.V.</i> Poetic manner of Alexandr Yevlakhov's stories and the traditions of chekhovian prose.....	3
<i>Bekbosynova, A.Kh., Meshitbay, A. K.</i> Landscape in the works of Zeynolla Shukurov.....	7
<i>Kozhanuly, M.</i> A few words about ethnonyms in kazakh humorous stories.....	11
<i>Ospanuly, S., Myrzagaliyeva, K.</i> The educational impact of Serik Makpyrula's works on teachers, lecturers and students.....	18
<i>Sholpanbayeva, G. A., Adilova, Zh. Y.</i> Features of the use of names in other languages.....	24

### **NATURAL SCIENCES**

<i>Akantai, N.N., Tastanov, M.G.</i> General principles of preparing students for the physical olympiad.....	29
<i>Akhmetkhanova, D.O., Tastanov, M.G.</i> Mathematical methods for solving the Dirichlet problem.....	33
<i>Barsakbayeva, M.B.</i> Features of the assessment of the bioremediation potential of the microflora of soils contaminated with petroleum products at gas stations in the city of Kostanay.....	40
<i>Beishov, R.S., Zhunisbekov, N.E.</i> Assessment of the influence of environmental factors on the phytochemical composition of plants.....	47
<i>Beishov, R.S., Smailova, A.I.</i> Methods for assessing the environmental impact of industrial enterprises on the natural environment.....	50
<i>Konysbaeva, D.T., Rulyova, M.M., Baubekova, G.K.</i> The scientific heritage milestones in theoretical and applied biology of T.M. Bragina, doctor of biological sciences and honorary professor of the Kostanay state pedagogical institute.....	55
<i>Maiyer, F.F.</i> About one class of functions that are close to convex functions in a certain direction.....	60
<i>Maiyer, F.F.</i> Estimates of the logarithmic derivative in some classes of analytical functions.....	66
<i>Methodieva N.K.</i> Using the project method in a math lesson in elementary school.....	72
<i>Khyrkhynbay, Zh., Mukanbetsadykova, A. K.</i> The use of AI technologies in interdisciplinary integration with mathematics in the NMD classes.....	75

### **ENGINEERING AND TECHNOLOGY**

<i>Nurmagambetov, B.B.</i> Theoretical analysis of the use of virtual reality in the educational process (based on the example of space study).....	83
<i>Savina D.E.</i> Comparative analysis of digital educational resources for studying 3D modeling.....	89

### **AGRICULTURAL, VETERINARY SCIENCES**

<i>Beishov, R.S., Alitanova, M.K.</i> The role and importance of studying grain and solving qualities of seeds for assessing economic suitability.....	97
<i>Karimova, A.K.</i> Genetic polymorphism of hereford cattle based on microsatellite DNA markers.....	102
<i>Raiymkulova, M.K., Bektas, Zh.S.</i> Study of enzyme inhibitory activity of acetic acid derivatives.....	108

### **SOCIAL SCIENCES**

<i>Koval, A.P., Bayandin, M.A., Mishulina, O.V.</i> Trends in the insurance market of the republic of Kazakhstan in the context of the development of socially oriented insurance products.....	117
---	-----

---

<i>Menlikozhaeva, S.K., Aimuratova, T.S.</i> Engaging future specialists in relationships in teaching activities .....	124
<i>Shamkenov, R.Zh., Davletbaeva, Zh. Zh.</i> Enhancing the effectiveness of state and business interaction in the tourism industry of the Akmola region .....	132
<b>OUR AUTHORS</b> .....	145
<b>INFORMATION FOR AUTHORS</b> .....	153

**Компьютерлік беттеу: С. Красикова**

**Компьютерная верстка: С. Красикова**

---

---

Басуға 15.04.2024 ж. берілді.  
Пішімі 60x84/8. Көлемі 12,0 б.т.  
Тапсырыс № 027

Подписано в печать 15.04.2024 г.  
Формат 60x84/8. Объем 12,0 п.л.  
Заказ № 027

Ахмете Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университетіндегі  
редакциялық-баспа бөлімінде басылған  
Қостанай қ., Байтұрсынов к., 47

Отпечатано в редакционно-издательском отделе  
Костанайского регионального университета  
имени Ахмет Байтұрсынұлы  
г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 47